Катонқарағайда туризмге екпін берілді

Қуаныш РАХМЕТОЛЛАҰЛЫ
Руслан АКМАТАЛИЕВ

Облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов Катонқарағай ауданындағы бірқатар әлеуметтік және инфрақұрылымдық нысандарды аралап, тұрғындармен кездесті. Бұл жолғы барыстың негізгі мақсаты — инфрақұрылымдық жобалардың жүзеге асуын бақылау, әлеуметтік нысандардың жай-күйімен танысу және жергілікті халықтың ұсыныс-пікірін тыңдау.

Аймақ басшысы Нұрымбет Сақтағанов жұмыс сапары аясында Катонқарағай ауылындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылыс барысын тексерді. Бүгінгі таңда жұмыстардың 90%-ы аяқталған. Атап айтқанда: спорт және бассейн залдарында, жылу құбырларын төсеу және орталықтандырылған жылумен жабдықтауға қосу жұмыстары жүргізілген. Сонымен қатар, өртке қарсы дабыл және бейнебақылау жүйелері орнатылған, ішкі есіктер мен терезе блоктары ауыстырылып, ішкі әрлеу жұмыстары орындалған. Әлі аяқталмаған жұмыстар қатарында – су айдау стансасына насос орнату, абаттандыру, іске қосу жұмыстары бар.

Жобаның жалпы құны – 921,6 млн теңге. Оның ішінде 2024 жылға 886,3 млн теңге бөлінсе, қалған 35,3 млн теңге 2025 жылға қарастырылған. Қазіргі кестеге сәйкес, спорттық нысан 2025 жылдың IV тоқсанында толық пайдалануға берілуі тиіс. Алайда, өңір басшысы құрылыс қарқынының төмендігін сынға алып, мердігер ұйымға жұмысты жеделдетуді, сонымен қатар жоба құнының жобалық-сметалық құжатта бекітілген сомадан аспауын қатаң ескертті.

– 2020 жылы басталған дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысын 1 қыркүйекке дейін аяқтау қажет. Сонымен бірге, кешен маңындағы аумақты абаттандырып, қоқыстан тазартып, ретке келтіруді талап етемін, – деді аймақ басшысы.

Әкім аудан орталығындағы орталық стадионның қазіргі жағдайына да назар аударды. Көптен жөндеу көрмеген спорттық нысан күтімсіз күйде екені анық байқалды: алаңда арамшөп қаптап, инфрақұрылымы тозып кеткен. Бұл ретте Нұрымбет Сақтағанов аудан әкіміне стадионды қалпына келтіру жұмыстарын дереу бастауға және келесі келгенше толық жөндеп бітіруге тапсырма берді.

КӨПІР ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ ҰЗАП КЕТУІ СЫНҒА АЛЫНДЫ

Шығыста туризм дамып келе жатқанымен, кедергі келтіріп отырған жекелеген түйткілдер де жоқ емес. Солардың бірі – халық арасында «Старо-Австрийская» деген атаумен белгілі жол бойындағы көпірдің жөндеу жұмыстарының ұзаққа созылуы. Бұл мәселе де облыс әкімі Нұрымбет Сақтағановтың катонқарағайлықтармен кездесуі барысында назардан тыс қалмады.

– Бұл көпірдің жағдайы тек жергілікті тұрғындарға ғана емес, еліміздің өзге өңірлерінен және шетелден келетін туристерге де үлкен қолайсыздықтар туғызып отыр. Жөндеу жұмыстары тым баяу жүргізіліп жатыр. Бұл жағдай туристік ағынды шектеп, бүкіл өңірдің тартымдылығына кері әсер етуде, – деді аймақ басшысы.

Осыған байланысты өңір басшысы Катонқарағай ауданының әкіміне және ШҚО жолаушы көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Данияр Уахитовқа жұмысты жеделдетіп, нақты нәтижеге жұмыс істеуді тапсырды.

Сонымен қатар, «Рахман қайнарлары» шипажайына апаратын жолдың қазіргі жағдайы да сөз болды. Бұл бағытта «ҚазАвтоЖол» мекемесі жол жөндеу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Ел ішіндегі ең танымал курорттық аймақтардың бірі саналатын бұл нысанға апарар жолдың жаңартылуы – туризмнің дамуы үшін аса маңызды.

– Жолдар мен көпірлердің жағдайы – тек көлік қозғалысына ғана емес, өңірдің инвестициялық және туристік тартымдылығына да тікелей әсер ететін фактор. Сондықтан біз туризмді тек жарнама арқылы емес, ыңғайлы әрі қауіпсіз инфрақұрылыммен қолдауымыз қажет, – деп атап өтті өңір басшысы.

БЕТПЕ-БЕТ

Жұмыс сапары аясында облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов ашық диалог форматында тұрғындармен кездесу өткізді. Кездесу барысында экономика өсімін қамтамасыз ету және әртараптандыру, инфрақұрылымды дамыту, өзекті әлеуметтік мәселелерді шешу бағыттарына баса назар аударылды. Мемлекет басшысы 2029 жылға дейін ел экономикасының өсу қарқынын екі есеге арттыру жөнінде нақты тапсырма берген болатын. Жалпы, өңірлік өнімдегі өнеркәсіптің үлесі мен сыртқы конъюнктураның ықпалын ескере отырып, біз экономиканы әртараптандыру бағытында жұмыс істеп жатырмыз, – деді Нұрымбет Сақтағанов.

Экономика өсімін жыл сайын қамтамасыз ету үшін облыста өңірлік жобалық кеңсе құрылды, барлық қала мен аудан бойынша экономикалық өсім нүктелерінің бес жылдық жоспары, сондай-ақ ауылдық округтерге арналған «Жол карталары» бекітілген. Әр қала және аудан әкімдерімен 2025 жылға дейінгі KPI көрсеткіштеріне қол жеткізуге бағытталған меморандумдарға қол қойылды. Бұл құжаттарда өңірді дамытуға арналған нақты жобалар мен іс-шаралар қамтылған. Катонқарағай ауданын 2029 жылға дейін дамыту жоспарына сәйкес, 11,9 млрд теңге бюджет қаражатын және 26,8 млрд теңге жеке инвестиция тарту жоспарда.

ТОПҚАЙЫҢДА АУЫЗ СУ МӘСЕЛЕСІ ШЕШІЛМЕК

Топқайың ауылында ауызсу желісін жаңғырту жобасы бірнеше жыл бойы тұралап келгенімен, бүгінде мәселе түбегейлі шешілу сатысына жақындады. Өңір басшысы Нұрымбет Сақтағановтың тікелей бақылауындағы бұл жоба биылғы жылдың соңына дейін толық аяқталады деп күтілуде.

– Ауыл тұрғындарын мазалаған ауызсу мәселесінен бейхабар деп ойламаңыздар. Әрбір өзекті түйткіл — жеке бақылауымда. Топқайың халқы қараша айына дейін сапалы ауызсуға қол жеткізуі тиіс. Бұған дейінгі жауапсыз мердігермен келісім бұзылып, жаңа мердігермен нақты жұмыс жүріп жатыр, – деді облыс әкімі ауыл тұрғындарымен кездесуде.

Аталған жобаға 77,8 млн теңге бөлінген. Облыс басшысы аудан және округ әкімдеріне, сондай-ақ салалық басқарма басшылығына бұл жобаны сапалы әрі уақтылы аяқтауды қатаң тапсырды.

Сонымен қатар, Катонқарағай ауылында да ауызсу жүйесі жаңартылуда. Бұл мақсатқа 546,2 млн теңге бөлініп отыр. Мұнымен қоса Коробиха, Жаңа-Үлгі, Жамбыл, Қабырға, Өрнек және Үшбұлақ елді мекендерінде жалпы сомасы 108,8 млн теңгеге су құбыры желілері жөнделмек.

– Инфрақұрылым – бұл жай ғана техника емес. Бұл – адамның тұрмыс сапасы, ауылдағы тіршіліктің өзегі. Мемлекет басшысы қойған стратегиялық міндет – таза ауызсумен 100% қамтамасыз ету – біздің тікелей жауапкершілігіміз, – деп атап өтті Нұрымбет Сақтағанов.

Бүгінде Катонқарағай ауданындағы 26 елді мекеннің тұрғындары орталықтандырылған сумен қамтылған. Жалпы көрсеткіш – 98,8 пайыз. Қалған тұрғындарды қамту – осы жыл мен келесі жылдың еншісіндегі басымдық.

Өңірде инфрақұрылымды жаңғырту тек қалалармен шектелмей, әрбір шалғай ауылға дейін жетуді мақсат етеді. Бұл – құр уәде емес, облыс әкімінің нақты бақылауындағы міндет.

КӨПІР ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТЫЛМАҚ

Осы жұмыс сапары барысында Ақ Берел өзені арқылы өтетін ағаш көпірдің апатты жағдайда екені және оны қайта жаңғырту қажеттігі мәлімделді.

– Қаракөл (Язёвое) көлі туризмді дамытуда үлкен әлеуетке ие. Алайда Қараайрық (Язёвка) көпірі қазір апатты жағдайда тұр. Аталған нысан 1975-1978 жылдар аралығында салынған, тозу деңгейі – 90 пайыз. Көпірге шұғыл түрде қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізу қажет, – деді Нұрымбет Сақтағанов. Мәселені шешу үшін қазіргі таңда көпірді қайта жаңғырту бойынша жоба әзірленді. Ағымдағы жылы облыстық бюджеттен конкурстық рәсімдер жүргізу үшін қаражат бөлінді.

Облыс әкімі Катонқарағай ауданының әкіміне жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы, экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасымен бірлесіп, көпірді қайта жаңғыртуды аяқтау бойынша ұсыныстар енгізуді тапсырды. Ескі ағаш көпір Жамбыл ауылдық округінің аумағында, Қаракөл (Язёвое) көліне апаратын аудандық маңыздағы автожол бойында орналасқан. Бұл жол «Өскемен – Алтай – Рахман қайнары» республикалық автожолына жалғасады.

Тұрғындармен кездесуде аудан жолдарында байланыс желісінің болмауы мәселесі әлі де өзекті екенін атап өтті. Бұл әсіресе, туристер мен жергілікті тұрғындар үшін маңызды.

– Аталған мәселені шешу мақсатында қазіргі уақытта республикалық автожол бойында антенна-мачталық құрылғы орнатуға арналған жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп жатыр, – деді ол.

ТУРИЗМ САЛАСЫНДА БЕС ІРІ ЖОБА ІСКЕ АСЫРЫЛУДА

Жұмыс сапары аясында облыс әкімі Катонқарағай ауданы туризмді дамытуда үлкен әлеуетке ие екенін тағы бір мәрте атап өтті.

– Катонқарағай ауданы үшін географиялық ерекшеліктерді ескере отырып, экономиканы әртараптандыру бағытындағы негізгі басымдық – туризм. Бұл сала шағын және орта бизнесті дамытуға серпін беріп, халықты өнімді әрі жоғары табысты жұмыспен қамтамасыз етеді, – деді облыс әкімі.

Биыл Катонқарағай ауданында туризм саласында бес жоба жүзеге асырылуда:

– Ақшарбақ ауылындағы «Верх-Катунь» пантымен емдеу орталығын кеңейту;

– Аршаты ауылында «Altay Resort» курорттық кешенінің құрылысы;

– Катонқарағай ауылында «Altay Terra Resort» туристік кешенін салу;

– Өрел ауылында «Мұзтау» экоқонақ үйінің мейрамханасын салу;

– Топқайың ауылында «Qaton Qaragai Resort&SPA» демалыс базасын кеңейту.

Маусым айында Катонқарағай ауданында «Алтай – түркі әлемінің алтын бесігі» халықаралық музыкалық фестивалі өтті. Іс-шараға 10 мыңнан астам турист қатысты. Қатысушылардың 80%-дан астамы еліміздің басқа өңірлері мен Ресей, Түркия, Өзбекстан, Қырғызстан, Моңғолия, Түрікменстан, Әзербайжан сынды шет мемлекеттерден келген болатын.

Өткен жылы Катонқарағай ауылында жеке инвестиция есебінен «Қаратай», «Ұлназ» қонақ үйлерінің қызметі кеңейтіліп, «Баян» ғимараты қонақ үй ретінде қайта жаңғыртылды, Согорное ауылындағы жолайрықта кемпинг салынды, Белқарағай ауылындағы «Баян» пантымен емдеу орталығы кеңейтілді.

2026 жылы «Tor're Altay Invest» ЖШС-нің 120 орындық «Wellness Resort» санаторий-сауықтыру кешенінің құрылысын бастау жоспарлануда.

Статистикалық деректерге сәйкес, қазіргі уақытта ауданда туристерге арналған 50 орналастыру нысаны тіркелген, өткен жылы келушілер саны 33,5 мың адамды құрады.

Қазір ауданда тұрақты туристік кластер қалыптастыру мақсатында туризмді дамыту бойынша арнайы жоспар әзірленуде. Облыс әкімі бұл құжатты 1 қыркүйекке дейін дайындауды тапсырды. Сонымен қатар, аудан аумағындағы туристік орындар бойынша санитарлық-гигиеналық тораптар құрылысына қатысты ұсыныстарды 17 шілдеге дейін енгізуді, инвестициялық жобалар тізбесін жасап, оларды ұлттық және өңірлік пулдарға енгізу жұмысын жандандыруды, сондай-ақ инвестиция тарту ісін күшейтуді тапсырды.

– Туризм – бұл тек көрікті орындар мен табиғи байлықтар ғана емес. Ең алдымен, бұл – инфрақұрылым, жолдың сапасы, байланыс пен қауіпсіздік, сервистік қызмет, тамақтану орындары мен қызмет көрсету мәдениеті. Осы тетіктердің дұрыс жұмыс істеуі облыстың туристік әлеуетін арттыруда шешуші рөл атқарады. Сондықтан да біз бұл мәселелердің барлығын жүйелі түрде шешіп жатырмыз, – деп қорытындылады өңір басшысы.

Бет қатталып жатқанда:

Облыс әкімінің сынынан кейін стадионды жөндеу жұмыстары бірден қолға алынған. Бұл туралы Катонқарағай ауданының әкімі мәлімдеді.

— Стадионды қайта қалпына келтіру жұмыстары басталды. Қазір сынған, ескірген орындықтарды ауыстырылып, алаң арамшөптерден тазартылады, — деді аудан басшысы.